

Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 17 тамыз 1992 ж. N 688

Қазақстан кәсіпорындары мен ұйымдарының арасында тікелей ғылыми, өндірістік және мәдени байланыстарды реттеу мен дамыту, нарықтық қатынастарды, халықаралық сауданы дамыту, сондай-ақ Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі алып жатқан территорияның тұтастығын Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі ретінде сақтау үшін жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеті, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақстан Республикасының Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесін мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғам түріндегі Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы етіп қайта құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып саналсын:

Қазақстанның басқа мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен және компаниялармен экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстарын орнату әрі кеңейту;

биржалық және халықаралық сауда, көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру; технопарк құрылымдарын, кәсіпорындардың халықаралық өнеркәсіп-технологиялық кооперациясын дамыту, республика территориясында, басқа мемлекеттерде бірлескен кәсіпорындар мен халықаралық бірлестіктер құру және оның қызметі. Орталықтың шет ел инвестициялары мен несиелерін қатыстыру мен пайдалану мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді және осы қызметтің экономикалық тиімділігіне бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Шет ел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттігі жүзеге асырады деп белгіленсін; кәсіпкерлік қызметті барынша қолдау;

шетелдік және отандық ғылымның, техниканың және аса жаңа технологияның жетістіктерін көрсету, оларды енгізуге жәрдемдесетін іскерлік байланыстар орнату;

қазақстандық кәсіпорындар мен шетелдік фирмаларға консультациялық, инженерлік, әдістемелік және ұйымдастырушылық қызмет көрсету; Қазақстан Республикасы туралы, оның экономикасы туралы ақпараттық және жарнамалық материалдар әзірлеу, жариялау және тарату;

ойын-сауық-мәдени шаралар мен сервистік қызмет көрсетуді ұйымдастыру.

3. Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы Қазақстан Республикасының Халық

шаруашылығы жетістіктері көрмесінің заңды мұрагері болып табылады және Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне бекітіліп берілген жер учаскесіне орналасады деп белгіленсін. < * >

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚРМК-нің 1993.07.30. N 663 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1998.07.24. N 693 қаулысымен .

4 . < * >

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.07.24. N 693 қаулысымен .

5 . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.07.24. N 693 қаулысымен .

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп республика үкіметінің шешімдеріне осы қаулыдан туындайтын өзгерістер енгізу туралы мәселені қарап, екі айлық мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізетін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі